

**«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**«IT-технологиялар, автоматтандыру және агроөнеркәсіптік кешенін  
механизациялау» факультеті**

**ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**

**6B06102 – «Ақпараттық жүйелер»**

**2022-2026 оқу жылына арналған**

Элективті пәндер каталогы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті оқу-әдістемелік кеңесінің (хаттама № 1, «26» тамыз 2022 ж.) және Ғылыми кеңесінің (хаттама № 1, «29» тамыз 2022 ж.) шешімдерімен мақұлданған.

Құрастырғандар:

Қалықова Б.Б., Сатмурзаев А.А., Кусаинова Ж.А., Нұрқамыт А.Б. және Жукина А.Б.

## Алғы сөз

Элективті пәндер каталогы (ЭПК) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің оқу-әдістемелік жұмыстар бөлімімен құрастырылды.

ЭПК білім алушыларға жеке білім траекториясын құру үшін элективті оқу пәндерін және ПОҚ таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламаларының және ЭПК негізінде білім алушылар эдвайзерлердің көмегімен жеке оқу жоспарын әзірлейді.

Каталог кестесінде жалпы білім беру пәндері (ЖБП) циклінің міндетті, таңдау пәндері, базалық пәндер (БП), кәсіптік пәндер (КП) циклінің жоғары оқу орнының міндетті және таңдау пәндері мен оның баламасының формуляры келтіріледі. ЭПК формулярында пәндердің қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі атаулары, пәннің қысқаша мазмұны, пререквизиттері мен постреквизиттері, ПОҚ аты-жөні, кредит саны мен курсты оқу семестрі көрсетілген.

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ: 6В06102– АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР**

Берілетін дәреже: **6В06102** – «Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласының бакалавры

**1 КУРС**

Цикл	Код	Пәндер	Академ. кредиттер
<b>1 семестр – 31 академиялық кредит</b>			
<b>Міндетті компонент - 17кр.</b>			
ЖБП	КТ 1101	Қазақстан тарихы (МЕ)	5
ЖБП	ShT 1103	Шетел тілі	5
ЖБП	К(О)Т 1104	Қазақ (Орыс) тілі	5
ЖБП	DSh 1107	Дене шынықтыру	2
<b>Жоғары оқу орны компоненті – 10 кр.</b>			
БП	Mat 1201	Математика	5
БП	DKP 1202	Деректер құрылымы және программалау	5
<b>Таңдау компоненті - 4 кр.</b>			
БП	KG 1203	Компьютерлік графика	4
	IGZh 1203	Интерактивті графикалық жүйелер	
<b>2 семестр – 31 академиялық кредит</b>			
<b>Міндетті компонент –25 кр.</b>			
ЖБП	ShT1103	Шетел тілі	5
ЖБП	К(О)Т 1104	Қазақ (Орыс) тілі	5
ЖБП	АКТ 1105	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	5
ЖБП	ASBM (ASMP) 1106	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	8
ЖБП	DSh 1107	Дене шынықтыру	2
<b>Жоғары оқу орны компоненті –2 кр.</b>			
БП	OP 1205	Оқу практикасы. (Деректер құрылымы және программалау, АКТ)	2
<b>Таңдау компоненті - 4кр</b>			
БП	IK 1204	Іскерлік қағаздар	4
	BE 1204	Бизнес этикасы	

## Пәнді сипаттау формуляры

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>Mat 1201 Математика</b>
Пәннің ПОҚ	Алдибаева Л. Т., Идирисов К. М., Емир Кады оглу А.
Цикл	БП / ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В06102- Ақпараттық жүйелер
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Математика (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	Физика, Агробизнесісті ұйымдастыру / Бизнес-жоспарлау
Пәннің мақсаты	Математикалық талдаудың және оның қосымшаларының негізгі ұғымдарын зерделеу: пәннің типтік есептерін шешудің негізгі математикалық әдістерімен танысу, оны практикада қолдана білу; зерттеудің математикалық аппаратын меңгеру.
Пәннің мазмұны	<p>Сызықтық алгебра. Матрицалар. Анықтауыштар. Сызықтық теңдеулер жүйесі. Кронекер-Капелли теоремасы.</p> <p>Векторлық алгебра. Векторлардың скаляр көбейтіндісі. Векторлардың векторлық көбейтіндісі. Векторлардың аралас көбейтіндісі. Кейбір қосымшалар.</p> <p>Аналитикалық геометрия. Жазықтықтағы түзудің теңдеулері. Кеңістіктегі түзу мен жазықтық. Екінші ретті қисық сызықтар. Екінші ретті беттердің канондық теңдеулері.</p> <p>Талдауға кіріспе. Тамаша шектер. Функцияның туындысы. Орта мән туралы теоремалар. Лопиталь ережесі. Функцияның дифференциалы. Сандық дифференциалдау. Тейлор формуласы. Анықталмаған интеграл. Анықталмаған интегралдарды интегралдау әдістері. Рационал және иррационал функцияларды интегралдау. Тригонометриялық функцияларды интегралдау. Анықталған интеграл. Меншіксіз интегралдар. Сандық интегралдау.</p> <p>Көп айнымалы функциялар. Көп айнымалы функцияның анықтамасы. Функцияның дербес және толық өсімшесі. Көп айнымалы функцияның шегі, үздіксіздігі және дифференциалдануы. Дербес туынды, көпайнымалы функцияның толық дифференциалы. Көп айнымалы функцияның экстремумы.</p> <p>Еселі интегралдар. Екі еселі интегралдар, оларды есептеу. Үш еселі интегралдар, оларды есептеу. Қосымшасы.</p> <p>Қатарлар. Сандық қатарлар. Жинақтылық, қатардың қосындысы. Қатардың жинақталуының қажетті белгісі. Мүшелері оң қатарларға арналған салыстыру теоремалары. Даламбер белгісі. Кошидің радикалдық және интегралдық белгілері. Таңбалары ауыспалы қатарлар. Абсолютті және шартты жинақталу. Функционалдық қатарлар. Дәрежелік қатарлар. Жинақталу интервалы. Жинақталу радиусы.</p> <p>Дифференциалдық теңдеулер. Айнымалысы ажыратылатын теңдеулер. Біртекті теңдеулер. Сызықтық теңдеулер. Бернуллі теңдеуі. Толық дифференциалдық теңдеу. Тұрақты коэффициентті екінші және <math>n</math> ретті сызықты біртекті дифференциалдық теңдеулер. Тұрақты коэффициентті сызықты біртекті емес екінші ретті дифференциалдық теңдеулер. Жалпы шешім құрылымы. Қарапайым дифференциалдық теңдеулер</p>

	<p>үшін есепті шешудің сандық әдістері.</p> <p>Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтері. Қарапайым оқиғалар кеңістігі. Ықтималдықтың классикалық анықтамасы. Геометриялық ықтималдық. Шартты ықтималдылық. Ықтималдықтарды қосу және көбейту теоремасы. Толық ықтималдық формуласы. Формула Байеса. Кездейсоқ шамалар. Кездейсоқ шаманы үлестіру функциясы. Кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамалары. Таңдаулар. Таңдау бойынша белгісіз үлестіру параметрлерін нүктелік бағалау. Сенімді интервалдар және гипотезаларды статистикалық тексеру туралы түсінік.</p>
Пәннің құзіреттілігі	<p><b>Пәнді оқығаннан кейін студент:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- <b>біледі:</b> математикалық терминдер мен таңбалардың, белгілеулердің мағыналарын; негізгі математикалық формулаларды, анықтамалар мен теориялық тұжырымдарды және олардың қолдану аясын; математикалық есептерді шешу жолдары мен әдістерін және олардың нәтижесін іс жүзінде пайдалануды (формулалар, сандар, графиктер, сапалы қорытынды, т.б.) ;</li> <li>- <b>түсінеді:</b> математикалық нобайларды (моделдерді) зерттеуді; математикалық есептерді шығаруды; тәжірибе нәтижелерін өңдеуді және талдауды;</li> </ul> <p><b>1. қолдана алады</b> талдау, математикалық модельдеу, теориялық және эксперименталды зерттеу мен инженерлік есептерді шешу үшін сызықтық және векторлық алгебраның, аналитикалық геометрияның, математикалық талдаудың, дифференциалдық теңдеулердің, ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика әдістерін;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- <b>құзыретті:</b> алған білімдері мен дағдыларын кәсіби іс-әрекетінде қолдана білуде .</li> </ul>
Қорытынды бақылау түрі	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Негізгі әдебиеттер тізімі	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Байарыстанов А.О. Жоғары математика: I-бөлім: оқулық. - Алматы: Нур-Принт, 2018.- 245 б.</li> <li>2. Байарыстанов А.О. Жоғары математика: II-бөлім: оқулық. - Алматы: Нур-Принт, 2015.- 245 б.</li> <li>3. Алдибаева Л.Т. Дифференциалдық теңдеулер теориясы және есептеу әдістері : оқу құралы.- Алматы: ҚазҰАУ, 2014.- 142 б.</li> <li>4. Құрақбаев Д.С. Есептеу математикасына кіріспе : оқу құралы.- Алматы: Эпиграф, 2019.-172 б.</li> <li>5. Ақанбай Н. Ықтималдықтар теориясы есептері мен жаттығуларының жинағы : 2-бөлім: оқу құралы. 3-бас.-Қарағанды: Medet Group, 2018.- 296 б.</li> </ol>
Қосымша әдебиеттер тізімі	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Алдибаева Л.Т. Тізбектің және функцияның шегі : оқу құралы. - Алматы: ҚазҰАУ, 2014.- 142 б.</li> </ol>

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>ДКР 1202 Деректер құрылымы және программалау</b>
Пәннің ПОҚ	Молдабеков Б.К., Сейдалиева Г.О., Дильмагамбетова Б.М., Сапиева Г.Е.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В06102- Ақпараттық жүйелер
Академиялық кредит	5

Оқу нысаны	Күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Математика, информатика (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	Объектіге бағытталған бағдарламалау, С # бағдарламалау
Пәнді оқу мақсаты	Алгоритмдердің құрылымдық сұлбасын білуі керек, талап ететін есептерге сәйкес мәліметтер құрылымын ұйымдастыруды программалау тілін тандау, тіл құрылысын қолданып берілген программалау тілінде программа құру және жақсы стильде программа жазу, программаны сынау және қалыптастыру, сапалы программалық құжатты құруды білулері керек.
Пән мазмұны	Ақпаратты сақтау, іздеу үшін қолданылатын негізгі алгоритмдер мен деректер құрылымы туралы базалық білімді қалыптастыру, алгоритмдерді программалау, деректер құрылымын талдау және іске асыру, сондай-ақ қолданбалы ақпараттық технологияларды іске асыру құралдарын жобалау және әзірлеу дағдылары.
Пәннің құзіреттілігі	<b>Пәнді оқығаннан кейін студент:</b> ақпаратты сақтау және алу үшін қолданылатын негізгі алгоритмдер мен мәліметтер құрылымын <b>білу</b> ; - мәліметтер алгоритмдері мен құрылымдарын талдау және <b>түсіну</b> ; - бағдарламалаудың негізгі алгоритмдерін және мәліметтер құрылымын <b>қолдану</b> ; - алгоритмдер мен деректер құрылымын құруда <b>құзіретті болу</b> .
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық период (15 апта)
Негізгі әдебиеттер тізімі	1. Көбеков Б.С. Программалау тілдеріндегі көрсеткіштік тип : оқу құралы.- Алматы: Medet Group, 2014.- 104 б. 2. Көбеков Б.С. Программалық қамтаманы әзірлеу технологиялары : оқулық.- Алматы: Medet Group, 2014.- 336 б. 3. Смайлова Ұ.М. Программалау:алгоритм құру технологиялары : оқу құралы.- 2-бас., толықт.- Алматы: Асыл кітап, 2010.- 168 б.
Қосымша әдебиеттер тізімі	1. Нұрымбетов Ә.Ұ. Turbo Pascal 7.0 алгоритмдік тілінде бағдарламалау : оқулық / Ә.Ұ. Нұрымбетов; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Дәуір, 2012.- 200 б.

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>KG 1203 Компьютерлік графика</b>
Пәннің ПОҚ	Дильмагамбетова Б.М., Молдабеков Б.К., Чингенжинова Ж.С., Сапиева Г.Е.
Пән циклі	БП / ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6B06102– Ақпараттық жүйелер
Академиялық кредит	4
Оқу нысаны	Күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Математика, информатика (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	3D-моделдеу / AutoCAD ортасында графикалық нысандарды жобалау
Пәнді оқу мақсаты	Компьютерлік графика құрудың заманауи әдістерін зерттеу және оларды кәсіптік қызметте қолдану дағдыларын қалыптастыру. Растрлық және векторлық графикамен жұмыс істеу үшін графикалық объектілерді құру процесінде әрі қарай тиімді

	пайдалану үшін және графикалық пакеттер мен дизайн құралдарының негізгі функцияларын қолдану үшін қажетті білім алу.
Пән мазмұны	Corel Draw, Photo Shop, Autocad негіздерімен танысу. Суретті жасау: сызықтар. Мәтінді жасау, пішімдеу және өңдеу. Объектілер. Толтыру. Контурды қоршау. Эсерлер. Клондар, кадамдық өтулер және ореолдар. Мөлдір және фигуралы қиып алу. Photoshop терезесі. Таңдалған аймақтармен жұмыс істеу. Қабатпен жұмыс істеу. Сүзгілер. Қаріптер. Контурлар. Маскалар. Түстер мен сызықтар түрлерін жүктеу.
Пәннің құзіреттілігі	<b>Пәнді оқығаннан кейін студент:</b> векторлық редакторларда көрністерді өңдеу алуға; фотореалистикалық көріністерді растрлық редакторда, автокадта өңдеу жұмысын жасауды <b>білуі тиіс</b> ; растрлы, векторлық және үш өлшемді көріністерді жасай алуға; графикалық стандарттарды және библиотекаларды қолдана алуға <b>дағдысы болу керек</b> ; - растрлы, векторлық және үш өлшемді көріністерді жасай алуға, графикалық стандарттарды және библиотекаларды қолдана алуда <b>құзыретті болу керек</b> .
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық период (15 апта)
Негізгі әдебиеттер тізімі	1. Құрманқұлова Г.Е., Ділмағамбетова Б.М., Айнақұлов Ж.Ж., Компьютерлік графика. Оқу құралы. Алматы: ҚазҰАУ» КЕАҚ, 2018. –106 б. 2. Хамметов А., Батырханов А.Ф. AutoCAD 2008 автоматтандырылған жобалау жүйесі. –Алматы, Дәуір, 2013. -288 б. 3. Леонид Левковец. Уроки компьютерной графики. Photoshop CS. Учебный курс. Питер, 2012. 4. Григорьев И.В., Засецкая Т.Н. Уроки по проектированию AutoCad 2012-2015. Москва, СОЛОН-Пресс, 2015.
Қосымша әдебиеттер тізімі	1.Полещук Н., Самоучитель AutoCAD 2010. Санкт-Петербург, Спб.:БХВ, 2010. 2. Нұрмаханов Б.Н., т.б. Компьютерлік графика. Оқулық. – Алматы, Дәуір, 2011. -200 б.

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>IGZh 1203 Интерактивті графикалық жүйелер</b>
Пәннің ПОҚ	Дильмағамбетова Б.М., Курманкулова Г.Е., Сейдалиева Г.О., Сапиева Г.Е.
Пән циклі	БП / ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6B06102 – «Ақпараттық жүйелер»
Академиялық кредиттер саны	4
Оқу нысаны	күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Математика, информатика (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиті	3D-моделдеу / AutoCAD ортасында графикалық нысандарды жобалау
Пәнді оқу мақсаты	Үш өлшемді компьютерлік графикамен, интерактивті графикалық жүйелермен байланысты қосымшаларды сәтті құру



	үшін қажет математикалық аппараттарды меңгеру
Пән мазмұны	Қисықтар мен беттердің негізгі түсініктері. Қисық сызық, оның геометриялық мәні. Бұралу қисығы. Репер. Френет теоремасы. Жер үсті. Оның параметрлік формасы. Тұрақты беті. Тангенс жазықтығы және і қалыптыбет. Беттің қалыпты қималары. Қалыпты қималардың қисықтығы. Мюнье теоремасы. Эйлер теоремасы. Тегіс бетке нүктелерді жіктеу. Гаусс қисығы. Беттің сфералық бейнесі. Компьютерлік графикадағы сплиттер. Сплиттерді қолдана отырып нысандарды құру және өңдеу. Қисықтың текшелі сызығының алгебралық формасы. Сплайнды салу кезіндегі шекаралық жағдайлар. Гермиттің формасы. Безье қисық сызықтарға арналған. Безье сплайнының басқару нүктелері және негізгі функциялары. Безье сплайндық қасиеттері. Берілген беттің түсінігі анық емес. Метабол. Екі метаболит көмегімен тамшыны модельдеу. Примитивтер. Қаңқалық модельдеу.
Пәннің құзіреттілігі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- <b>білу</b>: интерактивті графикалық жүйелердің ішкі құрылғылары, графикалық жүйелермен қамтамасыз етілген интерфейсін;</li> <li>- <b>түсіну</b>: 3-объектілерді модельдеуде қолданылатын есептеу геометриясының маңызды түсініктері мен классикалық әдістерін;</li> <li>- <b>қолдану</b>: матрицалар, қисықтар мен беттердің геометриялық қасиеттерін, модельдеудің негізгі түрлерін; көпбұрышты, сплайндық модельдеуді, жанама модельдеуді.</li> <li>- <b>құзыретті болу</b>: графикалық жүйелерортасында шынайы визуализациямен үш өлшемді көріністерді модельдеуде</li> </ul>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Негізгі әдебиеттер тізімі	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тапалов Т. Lab VIEW ортасында графикалық программалау : оқу құралы.- Қарағанды: Басп. ж., 2014.- 187 б</li> <li>2. Информатика пәні бойынша тәжірибелік жұмыстарды орындаудың барлық мамандық студенттеріне арналған әдістемелік нұсқаулары / құраст. Б.М.Ділмағамбетова, А.Т.Искакова, С.А.Жексенбинова; ҚазҰАУ.- Алматы: Айтұмар, 2016.- 83 б</li> <li>3. Ақпараттық жүйелердің негізі : білім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені / құраст. Б.Д.Сыдықов, Б.А.Құламбаев, Н.А.Тойғанбаева.- Алматы: Нур-Принт, 2012.- 144 б.</li> </ol>
Қосымша әдебиеттер тізімі	1. Төлбаев Ә.Ә.Компьютерлік графика AutoCAD жүйесінде үшөлшемді модельдеу : студ. Өз бетімен орынд. Жұмысқа әдістемелік нұсқаулар / Ә.Ә. Төлбаев, Ө.Ш. Ибишев, Ұ. Болат; ҚазҰАУ.- Алматы: Айтұмар, 2017.- 28 б.

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>ІК 1204 Іскерлік қағаздар</b>
Пәннің ПОҚ	Омаркулова М.Б., Елтаева К.Е., Тогжигитова К.Б.
Пән циклі	БП /ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В06102 - «Ақпараттық жүйелер»
Академиялық кредит	4
Оқу нысаны	Күндізгі
Семестр	2
Пәннің пререквизиттері	Қазақ (Орыс) тілі, шетел тілі

Пәннің постреквизиттері	Агробизнесісті ұйымдастыру / Бизнес-жоспарлау
Пәнді оқу мақсаты	Кез-келген профильдегі кәсіптік қызметте кездесетін іскерлік байланыстар аясында жазбаша коммуникацияның коммуникативтік құзіреттілігін жетілдіру.
Пән мазмұны	Іскери хат алмасудың жалпы талаптары мен ерекшеліктері. Жалпы мәселелер бойынша хаттар. Жазба жанрлардың ерекшелігі. «Құрылтай құжаттар». Ұйымдастыру және тарату құжаттамасы жүйесі. Сыртқы сауда серіктестерінің түрлері мен ерекшеліктері. Іскерлік этикет және хаттамалар.
Пәннің құзіреттілігі	<b>Пәнді оқығаннан кейін студент:</b> - құжатты қалай дұрыс және біркелкі ресімдеуді, іскери хатты нақты жазуды, хабарламаны дұрыс жазуды, іс қағаздарын жүргізудің негіздерін <b>білу</b> ; - құжаттаманы және іскери хат алмасуды <b>түсіну</b> ; - құжаттаманы және іс қағаздарын жүргізу тәсілдерін <b>қолдану</b> ; - іс қағаздарын жүргізу кезінде <b>құзіретті болу</b> .
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық период (15 апта)
Негізгі әдебиеттер тізімі	1. Динаева Б.Б. Іскерлік қазақ тілі : барлық маман. студ. арн. оқу құралы.- Алматы: TechSmith, 2018.- 308 б. 2. Жүкенова М.Ғ. Іс қағаздарын жүргізу : оқу құралы / М.Ғ. Жүкенова.- Астана: Фолиант, 2012.- 184 б
Қосымша әдебиеттер тізімі	3. 1. Бөрібаева С. Қазақ тілінде дипломатиялық және мемлекеттік құжаттарды ресімдеу : оқу құралы.- Алматы: Қазақ университеті, 2011.- 321 б. 4. Байкова И.Ю. Настольная книга делопроизводителя / И.Ю. Байкова. – М.: Эксмо, 2008. 5. Белов А.Н. Делопроизводство и документооборот: учебное пособие. – 6-е изд., перераб. и доп. – М.: Экмо, 2010. 6. Кузнецов И.Н. Делопроизводство: учебно-справочное пособие (Изд. 5-е)– изд-во «Дашков и К», 2009.

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>ВЕ 1204 Бизнес этикасы</b>
Пәннің ПОҚ	Есенгазиева С.К., Омаркулова М.Б., Карымсакова Ж.К.
Пән циклі	БП / ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В06102 - «Ақпараттық жүйелер»
Академиялық кредит	4
Оқу нысаны	күндізгі
Семестр	2
Пәннің пререквизиттері	Қазақстан тарихы
Пәннің постреквизиттері	Агробизнесісті ұйымдастыру / Бизнес-жоспарлау
Пәнді оқу мақсаты	Студенттерге кәсіптік этика талаптарын және бизнес жүргізу мен персоналды басқару тәжірибесінде осы талаптарға сәйкес әрекет етуге дайын болуды үйрету.
Пән мазмұны	Кәсіби этика табиғаты мен мәні. Бизнесітегі іскерлік қатынастардың этикасы. Бизнес этикасы ерекшеліктері. Іскерлік этика элементтері мен түрлері. Бизнесітегі этикалық стандарттар, принциптер мен заңдылықтар. Этика және корпоративтік мәдениет. Заманауи бизнес этикасы. Басқару этикасы және басқару коммуникациясы этикасы. Жетекшінің этикасы.

Пәннің күзіреттілігі	<p>Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- бизнес саласында қолданылатын негізгі этикалық қағидалар мен нормаларды <b>біледі</b>;</li> <li>- бизнес этика құндылықтары мен нормалары туралы білімді нақты тәжірибелік қызметте жүзеге асыруды, іскерлік өмірдің этикалық мәселелерін шешуді және олар үшін моральдық жауапкершілікті <b>түсінеді</b>;</li> <li>- моральдық-этикалық сапалар мен принциптерді тәжірибеде өзектендіру дағдыларын, этикалық және құқықтық нормаларды бизнес салаларында <b>қолдана алады</b>;</li> <li>- бизнесті дамыту мақсаттарын белгілеу және этикалық стандарттар мен принциптерге сәйкес оларға жету жолдарын таңдауда <b>құзыретті</b>.</li> </ul>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Негізгі әдебиеттер тізімі	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Гриффин Р.У. Менеджмент.- 12-бас.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 768 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).</li> <li>2. Кусаинова Н.М. Психология и этика делового общения: учеб.-метод. комплекс.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 240 с.</li> <li>3. Лавриненко В.Н. Учебник 3-е изд. Психология и этика делового общения, М.: ЮНИТИ_ДАНА, 2014 г.</li> <li>4. Семенов А.К. Психология и этика менеджмента и бизнеса. М. 2013 г.</li> </ol>
Қосымша әдебиеттер тізімі	<ol style="list-style-type: none"> <li>5. Сандыбаев Ж.С. Мемлекеттік қызметшінің этикасы және имиджі: оқу құралы. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы. – 2011. -86 б</li> <li>6. Барышева А.Д. Этика и психология делового общения (сфера сервиса): учеб. пособие.- М.: Альфа-М, 2011.- 256 с.</li> <li>7. Блюм М.А. Этика деловых отношений: учеб. пособие.- М.: ФОРУМ, 2012.- 224 с.- (Профессиональное образование).</li> <li>8. Кошечая И.П. Профессиональная этика и психология делового общения: учеб. пособие.- М.: Форум; ИНФРА-М, 2014.- 304 с.- (Профессиональное образование).</li> <li>9. Этика деловых отношений: учеб. / В.К. Борисов [и др.]- М.: ИД&lt;ФОРУМ&gt;, 2014.- 176 с.- (Профессиональное образование).</li> </ol>

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ: 6В06102 – АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР**

**Берілетін дәреже: 6В06102 – «Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласының бакалавры**

**2-КУРС**

Цикл	Код	Пәндер	Академ. кредиттер
<b>3 семестр – 29 академиялық кредит</b>			
<i>Міндетті компонент – 7кр.</i>			
ЖБП	Fil 2102	Философия	5
ЖБП	DSh 2107	Дене шынықтыру	2
<i>Жоғары оқу орны компоненті – 11 кр.</i>			
БП	Fiz 2206	Физика	5
БП	AZhMB 2207	АЖ-дегі мәліметтер базасы	6
<i>Таңдау компоненті – 11 кр.</i>			
БП	ОВР 2208	Объектілі-бағытталған программалау	6
	С#В 2208	С # бағдарламалау	
БП	ZhMPK 2209	Жүйелерді модельдеудің программалық құралдары (Matlab)	5
	ZhTShKT 2209	Жүйелік талдау және шешімдерді қабылдау теориясы	
<b>4 семестр – 31 академиялық кредит</b>			
<i>Міндетті компонент – 2 кр.</i>			
ЖБП	DSh 2107	Дене шынықтыру	2
<i>Жоғары оқу орны компоненті – 9 кр.</i>			
БП	PBTKZh 2210	Python бағдарламалау тілінде қосымшаларды жобалау	5
БП	ОР 2214	Өндірістік практика	4
<i>Таңдау компоненті – 20 кр.</i>			
ЖБП	KSZhKM 2108	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет	5
	Ekon 2108	Экономика	
	Ekol 2108	Экология	
	ТАК 2108	Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі	
БП	OZhZhP 2211	Операциялық жүйелер және жүйелік программалау	5
	ZhOZh 2211	Желілік операциялық жүйе	
БП	ЕВ 2212	Электрондық бизнес	5
	ІК 2212	Интернет кәсіпкерлік	
БП	WKZh 2213	Web-қосымшаларын жобалау	5
	PHPP 2213	PHP программалау	

## Пәнді сипаттау формуляры

Пәннің коды мен атауы	<b>Физ 2206 Физика</b>
Пәннің ПОҚ	Жукина А.Б., Сакипова Ш.Е., Нуркамыт А.Б.
Пән циклі	БП / ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В06102- Ақпараттық жүйелер
Академиялық кредит	5
Оқу нысаны	күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Физика (мектеп бағдарламасы), Математика
Пәннің постреквизиттері	Модуль 5. Операциялық жүйелерді ұйымдастыру және есептеу жүйелерінің архитектурасы
Пәнді оқу мақсаты	қазіргі заман физикасының көмегімен әлем бейнесінің сипатын көрсете білу қабілеттілігін және ғылыми көзқарасын қалыптастыру.
Пән мазмұны	Механика. Материялық нүктенің және қатты дененің кинематикасы мен динамикасы. Жұмыс және энергия. Сұйықтар мен газдардың механикасы. Механикалық тербелістер. Молекулалық физика негіздері. Тасымалдау құбылыстары. Термодинамика негіздері. Реал газдар және сұйықтар. Фазалық ауысулар. Капиллярлық құбылыстар. Электростатика және магнетизм. Заттардың магниттік қасиеттері, электромагниттік толқындар. Толқындық оптика. Жарықтың кванттық табиғаты. Атомдық және ядролық физика.
Пәннің құзіреттілігі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- <b>білу:</b> негізгі физикалық заңдарды және олардың маңызды салдарларын, зерттеудің физикалық принциптері мен әдістерін, олардың қолданылуы мен қолданылу шекарасын;</li> <li>- <b>түсіну:</b> физикалық эксперимент нәтижелерін талдау, IT технологиясын, физикалық құбылыстар мен жағдайларды моделдеу;</li> <li>- <b>қолдану:</b> физиканың түрлі салаларынан типтік есептерді шеше білу; нақты физикалық тапсырмалар мен жағдайларды шешу үшін теориялық білімді;</li> <li>- <b>құзыретті болу:</b> ақпаратты жинақтау, талдау, қабылдау, мақсат қою және оған қол жеткізу жолдарын таңдауда. Физикалық эксперименттер жүргізу, заманауи физикалық құралдармен жұмыс істеу және өлшеу нәтижелерін математикалық өңдеуде.</li> </ul>
Қорытынды бақылау нысаны	емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Негізгі әдебиеттер тізімі	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Абдула Ж. Физика курсының лекциялары.- Алматы: Дәуір, 2012.- 528 б.</li> <li>2. Аманқұлов Т.П. Физика курсы : оқу.- 2-бас.- Қарағанды: Medet Group, 2018.- 332 б.</li> <li>Спабекова, Р.С. Жалпы физика курсынан есептер жинағы : оқу құралы - 2-бас.- Қарағанды: Medet Group, 2018.- 222 б.</li> <li>3. Қасымов Ә. ЛКЭ-6 лабораториялық кешенінде "Электромагнетизм" бөлімінен "Физикалық практикум" әдістемелік нұсқауы.- Алматы: Айтұмар, 2018.- 63 б.</li> <li>4. Волькенштейн В.С. Жалпы физика курсының есептер жинағы : жоғарғы техн. оқу орындарының студ. арн. / В.С. Волькенштейн.- 3-бас., толықт. және қайтадан өңд.- Алматы: Нур-Принт, 2017.-</li> </ol>

	450 б.
Қосымша әдебиеттер тізімі	<p>1. Қойшыбаев Н. Физика бастамалары . Т.1. Механика: мектеп оқушыларына және мұғалімдеріне, төмен курс студенттеріне, колледж оқушыларына арналған.- Алматы: "БеРо", 2011.- 262 б.</p> <p>2.Қойшыбаев Н. Физика бастамалары : 2-том: Молекулалық физика және термодинамика: мектеп оқушыларына және мұғалімдеріне, төмен курс студенттеріне, колледж оқушыларына арн.- Алматы: "БеРо", 2011.- 291 б.</p> <p>3.Қойшыбаев Н. Физика бастамалары : 3-том: Электродинамика: мектеп оқушыларына және мұғалімдеріне, төменгі курс студенттеріне, колледж оқушыларына арн.- Алматы: "БеРо", 2011.- 320 б.</p>

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>AZhMB 2207 АЖ-дегі мәліметтер базасы</b>
Пәннің ПОҚ	Курманкулова Г.Е., Сейдалиева Г.О., Молдабеков Б.К., Сапиева Г.Е.
Пән циклі	БП / ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6B06102 – «Ақпараттық жүйелер»
Академиялық кредиттер саны	6
Оқу нысаны	күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Математика, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
Пәннің постреквизиті	IT-инфрақұрылым
Пәнді оқу мақсаты	Студенттерді мәліметтер базасын басқару, орнату, құру және басқарудың негізгі білімі мен дағдыларымен таныстыру.
Пән мазмұны	Мәліметтер базасын құру және оны әкімшілеу. Мәліметтер базасын орнату, дерекқордың конфигурациясын құру және оған қол жеткізуге арналған кәсіби құралдар. Реляциялық мәліметтер базасын жобалау теориясы мен практикасының элементтері. Мәліметтер базасындағы қатынас түрлері. ДҚБЖ-да қосымшаларды жобалау.
Пәннің құзіреттілігі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- <b>білу</b>: мәліметтер базасын жобалау принциптерін.</li> <li>- <b>түсіну</b>: инфологиялық мәліметтер құрылымын.</li> <li>- <b>қолдану</b>: мәліметтер базасын құру және әкімшілік ету, деректер қорын құру және басқару технологияларын.</li> <li>- <b>құзіретті болу</b>: дерекқорды басқарудың және талдаудың тиімді тәсілдерін таңдауда.</li> </ul>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Негізгі әдебиеттер тізімі	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Каженова Ж.С. Мәліметтер қорын программалау: әдістемелік құрал. 2019 ж.</li> <li>2. Мәнжу Т.Ш. Миркасинова.,Ақпараттық жүйелердегі мәліметтер базасы оқу құралы.- Алматы: Экономика, 2017.- 130 б.</li> <li>3. Байтенова Л.М.,Ақпараттық жүйелерде мәліметтерді басқару : оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2016.- 194 б.</li> <li>4. Байгелов К.Ж. MYSQL в примерах: учеб. пособие.- Алматы: Айтұмар, 2016.- 228 с.</li> </ol>

	<p>5. Әйтімова Ұ.Ж., Жүйелік бағдарламалық қамтамасыз ету : көмекші оқу құралы.- Алматы: Отан, 2015.- 88 б.</p> <p>6. Халықова К.З. Мәліметтер қоры және ақпараттық жүйелер. Оқу құралы. 2013 - 227 б</p> <p>7. Кузин А.В. Базы данных: учеб. пособие для вузов.- 5-е изд., испр.- М.: Академия, 2012.- 320 с.</p>
Қосымша әдебиеттер тізімі	<p>1. Аллен Г. Тейлор SQL для чайников. - М.: Диалектика, Вильямс, 2015. - 416 с.</p> <p>2. Бен Форта SQL за 10 минут. - М.: Диалектика / Вильямс, 2015. - 673 с.</p> <p>3. Бьюли А. Изучаем SQL. - М.: Символ-плюс, 2014. - 108 с.</p> <p>4. Oracle 8. Администрирование баз данных. Учебное пособие; Oracle - М., 2011. - 1000 с.</p> <p>5. Гудсон Джон Практическое руководство по доступу к данным (+ DVD-ROM. - М.: БХВ-Петербург, 2013. - 304 с.</p> <p>6. Агальцов В. П. Базы данных (+ CD-ROM); Мир - М., 2014. - 376 с.</p> <p>7. Дунаев В. В. Базы данных. Язык SQL для студента. - М.: БХВ-Петербург, 2016. - 288 с.</p> <p>8. Карвин Билл Программирование баз данных SQL. Типичные ошибки и их устранение. - М.: Рид Групп, 2013. - 336 с.</p>

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>ОВР 2208 Объектілі - бағытталған программалау</b>
Пәннің ПОҚ	Дильмагамбетова Б.М., Киргизбаева Б.Ж., Сейдалиева Г.О., Сейдалиева Га.О.
Пән циклі	БП / ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В06102- Ақпараттық жүйелер
Академиялық кредит	6
Оқу нысаны	күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Деректер құрылымы және программалау
Пәннің постреквизиттері	Python бағдарламалау тілінде қосымшаларды жобалау
Пәнді оқу мақсаты	Студенттерге объектілі-бағытталған бағдарламалауда теориялық және тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру
Пән мазмұны	Объектілі-бағытталған бағдарламалау ортасында бағдарлама құрудың жалпы принциптері. Бағдарлама құрастырудың кезеңдері мен деңгейлері. Мәліметтерді ұйымдастыру. Объектілермен жұмыс істеу. Мұра ету және полиморфизм. Класстар мен тәсілдер түсінігі. Конструкторлар мен деструкторлар. Мәліметтердің динамикалық құрылымы. Қосалқы бағдарламалар жиынын қолдану. Массивтер мен бағыттауыштар. Қатарлар. Файлдар.
Пәннің күзіреттілігі	<p><b>Пәнді меңгергеннен кейін білімгер:</b></p> <p>-<b>білу:</b> объектіге бағытталған бағдарламалау C/C++ тілдерінде программа жасаудың принциптері және технологиясын;</p> <p>-<b>түсіну:</b> объектіге бағытталған бағдарламалау тілінде бағдарлама және алгоритмді құруды;</p> <p>-<b>қолдану:</b> объектілі тілінде бағдарламалау технологиясын;</p> <p>- <b>күзіретті болу:</b> объектіге бағытталған бағдарламалау тілінде алгоритм және бағдарлама құруда.</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу	1 академиялық кезең (15 апта)

мерзімі	
Негізгі әдебиеттер тізімі	<p>1. Оспанова Р.Д. Жүйелік бағдарламау : оқу құралы.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 152 б.</p> <p>2. Информатика пәнінің бағдарламалау тарауы бойынша әдістемелік нұсқаулар мен тапсырмалар жиыны : барлық маман. студ. арн. әдістемелік нұсқау / құраст. Б.М.Ділмағамбетова, С.А.Жексенбинова, А.Т.Искакова; ҚазҰАУ.- Алматы: Айтұмар, 2015.- 39 б.</p> <p>3. Заурбеков Н.С. Алгоритмдеу және программалау негіздері : оқулық.- Қарағанды: Басп. ж., 2014.- 254</p> <p>4. Көбеков Б.С. Программалық қамтаманы әзірлеу технологиялары : оқулық.- Алматы: Medet Group, 2014.- 336 б</p>
Қосымша әдебиеттер тізімі	<p>1. Оспанова Р.Д. С++ BUILDER бағдарламау ортасы : оқу-әдістемелік құралы.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 144 б.</p> <p>2. Әйтимова Ұ.Ж. Жүйелік бағдарламалық қамтамасыз ету : көмекші оқу құралы - Алматы: Отан, 2015.- 88 б.</p>

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>С#В 2208 С # бағдарламалау</b>
Пәннің ПОҚ	Дильмағамбетова Б.М., Киргизбаева Б.Ж., Сейдалиева Г.О., Сейдалиева Га.О.
Пән циклі	БП /ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В06102- Ақпараттық жүйелер
Академиялық кредит	6
Оқу нысаны	күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Деректер құрылымы және программалау
Пәннің постреквизиттері	Python бағдарламалау тілінде қосымшаларды жобалау
Пәнді оқу мақсаты	Студенттерге С++ программалау тілінде бағдарламалаудың теориялық және тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру
Пән мазмұны	Тілдің негізгі ұғымдары. Аттар, айнымалылар және тұрақтылар. Амалдар және өрнектер. Операторлар. Функциялар. Еңгізілген мәліметтер типтері. Класстар және объектілер. Туындалған мәліметтер типтері. Қателерді өңдеу. Шаблондар. Конструкторлар мен деструкторлар. Мәліметтердің динамикалық құрвльмы. Подпрограмма кітапханасын қолдану.
Пәннің құзіреттілігі	<p><b>-білу:</b> С++ тілінде объектілі программалау тілін;</p> <p><b>-түсіну:</b> алгоритмдер құруды, деректер құрылымын есептер талаптары байланысын ұйымдастыруды, жақсы стильде программа құруды, оларды қалпына келтіру және сынау жолдарын, сапалы программалық құжаттарды құру барысын;</p> <p><b>-қолдану:</b> объектілі программалау технологиясын, программалау стилін таңдауды, программаларды қалпына келтіру және сынау әдістемеліктерін;</p> <p><b>- құзіретті болу:</b> қазіргі заман талабына сай келетін программаны құруға.</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)



Негізгі әдебиеттер тізімі	<p>1. Стивенс Р.В. UNIX Желілік бағдарламалау. API желілік сокеттері : 1-том, 2-бөлім: оқулық.- Алматы: ҚР Жоғарғы оқу орындарының қауымдастығы, 2017.- 488 б.</p> <p>2. Оспанова Р.Д. С++ BUILDER бағдарламау ортасы : оқу-әдістемелік құралы.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 144 б</p> <p>3. Оспанова Р.Д. Жүйелік бағдарламау : оқу құралы.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 152 б.</p>
Қосымша әдебиеттер тізімі	<p>1. 2.Си тілінде программалау : "Программалау технологиясы" пәні бойынша зертханалық жұмыстарға арналған әдістемелік нұсқаулар / құраст. Б.К.Сарпаева, Г.Ж. Нурпеисова; Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті.- Алматы: Айтұмар, 2014.- 48 б</p>

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>ZhMPK 2209 Жүйелерді модельдеудің программалық құралдары (Matlab)</b>
Пәннің ПОҚ	Тенгаева А.А., Тойлыбаев Н.С., Дильмагамбетова Б.М., Сапиева Г.Е.
Пән циклі	БП / ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6B06102- Ақпараттық жүйелер
Академиялық кредит	5
Оқу нысаны	күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Математика, Деректер құрылымы және программалау
Пәннің постреквизиттері	IT-инфрақұрылымы
Пәнді оқу мақсаты	Дипломдық жобада студенттерді Matlab-та модельдеуді және бағдарламалауды қолдануға теориялық және практикалық дайындық
Пән мазмұны	<p>Matlab-қа кіріспе. Массивтермен жұмыс. m-файлдарды құру және қолдану. Диаграммалар. Бағдарламалау Теңдеулер мен олардың жүйелерін шешу. Құралдар қорабының мүмкіндіктері.</p> <p>Матлабтағы дифференциалдық теңдеулер мен олардың жүйелерін шешу. Жартылай дифференциалдық теңдеулер. PDE құралдар жинағы. Симулинктің жалпы сипаттамасы. Модель құру. Simulink кітапханасының негізгі компоненттері. Симулинктегі сигналдар және олардың атрибуттары. Уақыт сигналының көзі. Жазу құрылғылары. Аналогты блоктар. MVTU қолданбалы программалау пакеті. Windows ОЖ ортасында «Техникалық құрылғыларды модельдеу» программалық кешенімен танысу. Автоматты басқару жүйелері туралы негізгі түсініктер. Динамикалық жүйелерді талдау мен синтездеудің міндеттері. MVTU программалау пакетінде имитациялық модельдеу әдістерін қолдану</p>
Пәннің құзіреттілігі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- <b>білу:</b> Матлаб-та бағдарламалау мен модельдеуді</li> <li>- <b>түсіну:</b> MatLab-та модельдеу және бағдарламалау әдістерін</li> <li>- <b>қолдану:</b> MatLab-ты дипломдық жобада, ғылыми жобада</li> <li>- <b>құзіретті болу:</b> заманауи бағдарламалық құралдарды қолдана отырып, әртүрлі сипаттағы процестер мен құбылыстарды бағдарламалау мен модельдеуде</li> </ul>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)

Негізгі әдебиеттер тізімі	<p>1.Өжікенов Қ.Ә. MATLAB/SIMULINK: Программные средства моделирования систем: Учебное пособие- Алматы, 2012.-284с.</p> <p>2. Хамбли А.Р. Электрлік энергетика инженериясы: принциптері мен қосымшалары : оқулық.- Алматы: Дәуір, 2017.- 548 б.</p> <p>3. Смайлова Ұ.М. Программалау:алгоритм құру технологиялары : оқу құралы.- 2-бас., толықт.- Алматы: Асыл кітап, 2010.- 168 б.</p> <p>4. Көбеков Б.С. Программалық қамтаманы әзірлеу технологиялары : оқулық.- Алматы: Medet Group, 2014.- 336 б.</p>
Қосымша әдебиеттер тізімі	<p>1. Нұрымбетов Ә.Ұ. Сандық әдістер : оқу құралы - Алматы: Отан, 2015.- 150 б.</p> <p>2. <a href="http://www.sm3-bmstu.ru/ru/undergraduate/SoftWare/MVTU">http://www.sm3-bmstu.ru/ru/undergraduate/SoftWare/MVTU</a></p>

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>ZhTShKT 2209 Жүйелік талдау және шешімдерді қабылдау теориясы</b>
Пәннің ПОҚ	Ахметов К.А., Тойлыбаев Н.С., Тенгаева А.А.
Пән циклі	БП / ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6B06102 – «Ақпараттық жүйелер»
Академиялық кредит	5
Оқу нысаны	күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Математика, Деректер құрылымы және программалау
Пәннің постреквизиттері	IT-инфрақұрылымы
Пәнді оқу мақсаты	Жүйелік талдау және шешім қабылдау теориясына сүйене отырып экономика мен басқарудың математикалық моделін құру барысымен таныстыру.
Пән мазмұны	Шешімдер қабылдауда өндірістік, транспорттық және қаржылық есептердің модельдері, шешімдер қабылдау теориясының элементтері және нақтылы тәжірибелік есептерді шешу алгоритмдері. Олардың шешімдерін табу әдістері.Жүйелік талдау теориясы. Жүйелік талдау және шешім қабылдау теориясын практикада қолдану.
Пәннің құзіреттілігі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- <b>білу:</b> кәсіби қызметтегі ғылымның негізгі заңдылықтарын;</li> <li>- <b>түсіну:</b> ақпаратты алудың, сақтаудың, өңдеудің негізгі әдістерінің, әдістері мен құралдарының мәнін;</li> <li>- <b>қолдану:</b> жүйелік талдау және шешім теориясын, модельдеу, теориялық және эксперименталды зерттеу әдістерін;</li> <li>- <b>құзыретті болу:</b> жүйелік талдау және шешім қабылдау теориясы мен оны практикада қолдану, эксперименталды зерттеу мәселелерін шешуде</li> </ul>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Негізгі әдебиеттер тізімі	<p>1. Ахметов Қ.А. MS EXCEL-де бизнес шешімдерді . - Алматы: Айтұмар, 2018.</p> <p>2. Информатика пәні бойынша тәжірибелік жұмыстарды орындаудың барлық мамандық студенттеріне арналған әдістемелік нұсқаулары / құраст. Б.М.Ділмағамбетова, А.Т.Искакова, С.А.Жексенбинова; ҚазҰАУ.- Алматы: Айтұмар, 2016.- 83 б.</p>

	3. Ақпараттық жүйелердің негізі : білім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені / құраст.Б.Д.Сыдықов, Б.А.Құламбаев, Н.А.Тойганбаева.- Алматы: Нур-Принт, 2012.- 144 б
Қосымша әдебиеттер тізімі	1. Ахметов Қ.А. MS EXCEL-де бизнес шешімдерді қабылдау.- Алматы, 2010. 2. Вардиашвили Н.Н. Математическое моделирование и информационные технологии в решении финансово-банковских задач: учеб. пособие для вузов.- 2-е изд., перераб. и доп.- Алматы: Бастау, 2010.- 348 с.

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>РВТКZh 2210 Python бағдарламалау тілінде қосымшаларды жобалау</b>
Пәннің ПОҚ	Сейдалиева Г.О., Курманкулова Г.Е., Дильмагамбетова Б.М., Сапиева Г.Е.
Пән циклі	БП / ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В06102- Ақпараттық жүйелер
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	4
Пәннің пререквизиттері	Деректер құрылымы және программалау
Пәннің постреквизиттері	ІТ-инфрақұрылым, Java-да шаблонды жобалау / Бағдармалық жасақтама жасау технологиялар
Пәнді оқу мақсаты	Студенттерде Python тілінде бағдарламалаудың теориялық және практикалық дағдыларын қалыптастыру
Пән мазмұны	Python тілінің ерекшеліктері мен басымдықтары. Цифрлық нысандарды құру және олардың типтері. Тұтас және бөлшек объектілерді объектілердің басқа түрлеріне түрлендіру. Жол объектілерін және олардың типтерін құру тәсілдері. Кортеж және тізім нысандарын құру тәсілдері.Өзгеретін және өзгермейтін объектілер. Сөздік және жиын объектілерін құру. Теңшелетін функцияларды жасау. Ерекше жағдайлар объектілері ұғымы және осы объектілердің пайда болуын және олардың типтерін анықтау. Объектілі-бағытталған бағдарламалаудың негізгі тұжырымдамасы. Пайдаланушы класын және нысанды жасау. Скрипт және Python файлдарын байланыстыру. Файлдан ақпаратты оқу және оны файлдарға экспорттау. Деректер базасына сілтеме. Django framework сұраулары. API ORM танысу. Django аясында веб-Формамен жұмыс істеу тәсілдері. Форманы құру және өңдеу.
Пәннің күзіреттілігі	- <b>біледі:</b> Python объектілі-бағытталған бағдарламалау ортасында бағдарламаларды әзірлеу технологиясы мен принциптерін ; - <b>түсінеді:</b> объектілі бағдарламалау технологиясын, бағдарламалау стилін таңдауды, бағдарламаларды жөндеу және сынау әдістерін; - <b>қолдана алады:</b> алгоритмдерді әзірлеуді, деректер құрылымы міндеттерінің талаптарына байланысты ұйымдастыру, жақсы стильде бағдарламаларды әзірлеуді, оларды ретке келтіру және сынауды, сапалы бағдарламалық құжаттарды құруды; - <b>күзыретті:</b> Python объектілі-бағытталған программалау ортасында алгоритмдер мен бағдарламаларды құрастыруда;
Қорытынды бақылау	Емтихан

нысаны	
Пәннің мерзімі	оқытылу 1 академиялық кезең (15 апта)
Негізгі тізімі	әдебиеттер 1. М.Лутц Программирование на Python - М.: Издательство Символ-Плюс,2012. 2. Головин И.Г. Языки и методы программирования: учеб.- М.:Академия,2012.-304с 3. Падерно П.И. Качество информационных систем: учебник.- М.: Академия, 2015.- 224 с.
Қосымша тізімі	әдебиеттер 1. Kisselyova E.A. Theoretical foundations of computer science: textbook.- Almaty: Association of higher educational institutions of Kazakhstan, 2016.- 269 p 2. М. Лутц Изучаем Python - М.: Издательство Символ-Плюс, 2011. 3. М. Саммерфилд Программирование на Python 3. Подробное руководство - М.: Издательство Символ-Плюс, 2011

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>KSZhKM 2108 Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет</b>
Пәннің ПОҚ	Куандыков Б.Ж, Аюпова З.К.,Шарипов Ш.М., Нұрбаева Л.Б Төленді М.А., Абдикешов М.К
Пән циклі	ЖБП / ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6B06102- Ақпараттық жүйелер
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	4
Пәннің пререквизиттері	Адам. Қоғам. Құқық. (мектеп бағдарламасы), Әлеуметтік-саясаттану білім модулі
Пәннің постреквизиттері	Қорытынды аттестаттау
Пәнді оқу мақсаты	сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар аясындағы құқықтық сауаттылықты арттыруға және студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарын, мінез – құлықтарының стандартын, сыбайлас жемқорлықтың кез – келген көріністеріне қырын қарауды қалыптастыруға бағытталған.
Пән мазмұны	Мемлекет пен құқықтың түсінігі мен белгілері. Мемлекет пен құқықтың шығу тегі жөніндегі негізгі теориялар. Объективтік құқық және субъективтік құқық . Құқықтың саясатпен, моральмен, экономикамен байланыстылығы. Құқықтың атқаратын қызметтері (функциялары). Құқықтық жүйе, құқық жүйесі мен заңнама жүйесі түсініктерінің арақатынасы. Нормативтік құқықтық актілердің түсінігі, жалпы сипаттамасы, түрлері мен топтастырылу өлшемдері. Құқық нормасының түсінігі мен белгілері. Құқық нормасының құрылымы. Гипотеза, диспозиция, санкция мен олардың түрлері. Құқықтық қатынас түрлері. Құқықтық қатынастың құрылымы. Құқық қабілеті мен әрекет қабілеті. Құқықтық қатынастың субъектілері мен объектілері. Субъективтік құқық пен заңды міндет. Жеке және заңды тұлға. Құқық бұзушылықтың заңды құрамы. Құқық бұзушылықтың субъектісі, объективтік және субъективтік жақтары. Заңды жауапкершілік, оның түрлері. Заңды жауапкершіліктен босатудың негіздері. Қазақстан

	<p>Республикасының конституциялық құқық негіздері.. Халықаралық құқық негіздері, «Сыбайлас жемқорлық» түсінігінің теориялық – әдістемелік негіздері. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет субъектілері және олардың құзыреттері. Сыбайлас жемқорлықтың этикалық және типологиялық қырлары және олардың тарау аясы. Сыбайлас жемқорлық – адам құқығын бұзушы фактор ретінде. Сыбайлас жемқорлық – ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіруші ретінде. Сыбайлас жемқорлықтың құқық бұзушылықтар, оның құрамы. Лауазымды тұлғаның өкілеттілігін иелену. Қызметтік жалғандық, Пара алушылық.</p>
Пәннің құзіреттілігі	<p>.- <b>білу:</b> адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін; Қазақстан Республикасындағы әрекет етуші негізгі нормативтік құқықтық актілерді, олардың қолдану аясын дұрыс түсіну; халықаралық заңдылықтарды;</p> <p>- <b>түсіну:</b> құқық салаларын ажырата білу, сыбайлас жемқорлықтың мәнін және оның пайда болу себептерін; сыбайлас жемқорлықтың құқық бұзушылық үшін моральдық – өнегелік және құқықтық жауапкершілікті; сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет аясындағы әрекет етуші заңнамаларды материалдық және іс жүргізу құқығының өзара іс-қимыл механизмін;</p> <p>- <b>қолдану:</b> нақты жағдайларда құқық нормаларын пайдалану;</p> <p>- <b>құзретті болу:</b> қарастырылатын әрбір құқық саласына жүйелі түсінік жасай біліп, қазіргі ғылыми зерттеулерге сын көзқараспен қарап, тұжырымдар жасай алуға; проблемаларды шешудегі дербестік пен түпнұсқалық және кәсіби деңгейде дербес жоспарлауды және шешуге, жетілген құқықтық сана, құқықтық ой – өріс және құқықтық мәдениет негізінде кәсіби қызметті жүзеге асыруға; нақты заң талаптарына сәйкес шешім қабылдау және заңдық әрекетті жүзеге асыруға.</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Турдалиев Ә.О. Сыбайлас жемқорлықпен күрес стратегиясы : оқу құралы.- Алматы: МонтеКристо, 2018.- 372 б.</li> <li>2. Ағыбаев А.Н. Паракорлық үшін қылмыстық жауаптылық : оқу құралы.- Алматы: Эпиграф, 2019.- 160 б.</li> <li>3. Мырзатаев Н.Д. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес : оқу құралы.- Алматы: Эпиграф, 2019.- 112 б</li> <li>4. Ағыбаев А.Н. Ответственность за отдельные виды коррупционных правонарушений по новому уголовному Кодексу Республики Казахстан: учеб. пособие.- Алматы: Эпиграф, 2019.- 88 с.</li> <li>5. Сейтхожин Б.У. Квалификация коррупционных преступлений: теория и практика применения: учеб. пособие.- Алматы: Эпиграф, 2019.- 204 с.</li> </ol>
Қосымша әдебиеттер тізімі	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Алауханов Е.О. Борьба с коррупцией: учеб.- Алматы: Юрид. лит., 2008.- 288 с.</li> <li>2. Баймолдина С.М. Актуальные проблемы борьбы с коррупцией и организованной преступностью: учеб. пособие.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 184 с.</li> <li>3. Сыроежкин К.Л. Охота на "тигров": почему и как в Китае борются с коррупцией: моногр.; КИСИ при Президенте РК.- Астана: КИСИ при Президенте РК, 2016.- 388 с.</li> <li>4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы.- Алматы: Альманах, 2017.- 30 б.- (Заң кітапханасы).</li> </ol>

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>Екоп 2108 Экономика</b>
Пәннің ПОҚ	Бельгибаева Ж.Ж., Карымсакова Ж.К., Саяпил А., Джумабаева А.М.
Пән циклі	ЖБП / ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В06102- Ақпараттық жүйелер
Академиялық кредит	5
Оқу нысаны	күндізгі
Семестр	4
Пәннің пререквизиттері	Адам. Қоғам. Құқық. (мектеп бағдарламасы), Әлеуметтік-саясаттану білім модулі
Пәннің постреквизиттері	Қорытынды аттестаттау
Пәнді оқу мақсаты	Нарықтық экономика туралы білім ала отырып, экономикалық ойлауды қалыптастыру, мемлекеттік экономикалық саясатты түсіну
Пән мазмұны	Экономика пәні және зерттеу әдістері. Әлеуметтік өндіріс негіздері. Меншік және экономикалық жүйелер. Әлеуметтік басқарудың формалары. Нарықтық жүйенің жұмыс істеу негіздері. Фирмалар мен кәсіпкерлік теориясының негіздері. Компанияның өндірісі, шығындары мен кірістері. Факторлық нарықтар және кірісті бөлу. Халық шаруашылығының негіздері: мазмұны, құрылымы және нәтижелерді өлшеу. Экономикалық өсу және нарықтық тұрақсыздық. Жұмыссыздық пен инфляция экономикалық тұрақсыздықтың көрінісі ретінде. Халық шаруашылығындағы қаржы-ақша жүйесінің негіздері. Мемлекеттік реттеу және ұлттық экономиканың экономикалық қауіпсіздігі. Әлемдік экономиканың жұмыс істеуінің экономикалық негіздері.
Пәннің құзіреттілігі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- <b>білу:</b>нарықтық экономиканың негізгі заңдылықтарын;</li> <li>- <b>түсіну:</b>нарықтағы экономикалық агенттердің өзара әрекеттесу механизмін;</li> <li>- <b>қолдану:</b>осы пәнді оқу барысында алған теориялық білімді тәжірибеде;</li> <li>- <b>құзыретті болу:</b>тиімді іскери шешімдердің нұсқаларын кәсіби түрде әзірлеуде және негіздеуде</li> </ul>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Негізгі әдебиеттер тізімі	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мэнкью Грегори Н., Тейлор Марк П. Экономикс. 4-халықаралық басылым. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 848 бет.</li> <li>2. Доғалов А.Н. Экономикалық теория: оқулық.- Алматы: TechSmith, 2018.- 344 б.</li> <li>3. Мәуленова С.С. Экономикалық теория : 1-бөлім: оқу құралы.- 2-бас., өнд.- Алматы: Эпиграф, 2017.- 184 б.</li> <li>4. Ахмедьярова М.В. Экономикалық теория: оқу құралы. - Алматы, 2016.</li> <li>5. Хамитова К. Экономика және кәсіпкерлік негіздері : оқулық.- 3-бас. толықт., өнд.- Астана: Фолиант, 2016.- 200 б.- (Кәсіптік білім).</li> <li>5. Есенғалиева Қ.С. Экономикалық теория: оқулық.- Алматы:</li> </ol>

	<p>Экономика, 2015.- 576 б.</p> <p>6. Исқалиев М.Д. Экономикалық теория.- Алматы:, 2013.- 304 б.</p> <p>7. Есполов Т.И. Экономикалық теория: оқулық.- Алматы: ҚазҰАУ, Айтұмар, 2012.- 261 б.</p> <p>8. Бекмолдин С.Қ. Экономикалық теория: оқулық.- Алматы: Экономика баспасы, 2011.- 386б.</p> <p>9. Жолдасова Г. Экономика негіздері: оқу құралы. 2 -ші басылым.- Астана: Фолиант баспасы, 2011.- 224 б.- (Кәсіптік білім).</p>
Қосымша әдебиеттер тізімі	<p>10. Куратко Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика. 10-басылым.-Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 480 бет.</p> <p>11. Қамысбаев М.Қ. Микроэкономика : экономикалық маманд. оқитын күндізгі оқу бөлімінің студенттеріне арн. әдістемелік нұсқау. - Алматы, 2012.- 30 б.</p> <p>12. Көшімова М.Ә. Макроэкономика : оқу құралы.- Алматы: Экономика, 2014.- 178 б.</p> <p>Сәбден О. Экономика : 3-том: Таңдамалы еңбектері: моногр.- Алматы: ҚР БҒМ ҒК, 2011.- 468 б.</p>

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>Екoл 2108 Экология</b>
Пәннің ПОҚ	Еликбаев Б.К., Сагидолдина Ж.Е., Әбдірахымов Н.Ә., Жанибекова А.О.
Пән циклі	ЖБП / ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6B06102 – «Ақпараттық жүйелер»
Академиялық кредит	5
Оқу нысаны	күндізгі
Семестр	4
Пәннің пререквизиттері	Химия, биология (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	Қорытынды аттестаттау
Пәнді оқу мақсаты	Табиғат пен қоғамның тұрақты дамуының негіздері туралы терең білім ала отырып, экологиялық білімді қалыптастыру, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың заманауи әдістері туралы теориялық және практикалық білім алу.
